



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Желтоқсан 2025

Желтоқсанда жылдық инфляция 12,3%-ға дейін баяулады. Инфляция қарқынының төмендеуі негізінен ақылы қызметтер мен азық-түлік емес тауарлар сегментіндегі дезинфляция есебінен болды. Ал азық-түлік инфляциясы, керісінше, жеделдеп, жалпы баға өсіміне әлі де ең үлкен үлес қосып отыр.


Айлық инфляция қарашадағы 0,8%-дан 0,9%-ға дейін жеделдеді. Бұл өткен айға қарағанда азық-түлік пен ақылы қызметтер бағасының неғұрлым жоғары қарқынмен өсуімен байланысты. Маусымдық факторлар ескерілген инфляция да 0,7%-дан 0,8%-ға дейін өсті.

Маусымдық факторларды ескергендегі азық-түлік пен ақылы қызметтер бағасының өсу қарқыны жеделдеген, ал азық-түлік емес тауарлар бағасының өсімі, керісінше, баяулағаны байқалады. Айлық мәнде маусымдық факторлар ескерілген азық-түлік инфляциясы 0,7%-дан 0,9%-ға, ақылы қызметтер 0,4%-дан 0,6%-ға дейін өсті, ал азық-түлік емес тауарлар инфляциясы 0,8%-дан 0,7%-ға дейін төмендеді.

Маусымдық түзетуді ескергенде, ең қатты қымбаттаған алкогольсіз сусындар, қант, тосап, бал, шоколад пен кондитерлік өнімдер, кофе, шай және какао, ет өнімдері, аудиовизуалды техника, жеке пайдалануға арналған электр құралдары, газет, кітап пен кеңсе тауарлары, тұрмыстық техника, кешенді демалысты ұйымдастыру қызметтері, тұрғын үйді жалға беру, аяқкиімді жөндеу мен жалға беру қызметтері екені байқалды. Сонымен қатар, маусымдық түзету нәтижесінде автокөлік, су бұру қызметі, жылу энергиясы мен байланыс қызметі бағасы төмендегені байқалды.


Маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні 0,8% деңгейінде қалды. Баға бөлінісінің екі шетінен 10%-ы қысқартылып есептелетін базалық инфляция көрсеткіші де 0,7% деңгейінде өзгеріссіз қалды. Ал ең құбылмалы сегіз компонентті алып тастағандағы базалық инфляция 0,7%-дан 0,8%-ға дейін өсті. Жалпы алғанда, базалық инфляция көрсеткіштері әлі де жоғары деңгейде қалып, айлық мәндегі инфляцияның мақсатты бағдарынан (0,41%) едәуір асып отыр.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Негізгі тауар топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасының өсуі өндірушілер шығындарының артуымен байланысты болды. Желтоқсанда жылдық азық-түлік инфляциясы 13,5%-ды құрады (қарашада – 13,4%), айлық көрсеткіш – 1,2% (1%). Инфляцияға негізгі үлес қосқан көкөніс бағасының өсуі болып отыр. Бұл, ең алдымен, жабық топырақта өсірілетін өнім өндірушілері бағасының көтерілуіне және маусымдық факторлар аясында қызанақ пен қияр бағасының өсуіне байланысты болды. Ет бағасы белгілі бір деңгейде баяулағанына қарамастан, әлі де жоғары қарқынмен өсіп келеді. Бұған ауыл шаруашылығы өндірушілері бағасының өсуі, кей кезеңдерде өндіріс көлемінің қысқаруы және экспорттың жоғары деңгейі әсер етті.

Жанар-жағармай бағасының салыстырмалы түрде қалыпты өсуі азық-түлік емес инфляцияны тежеп тұр. Дегенмен, тұтыну сұранысының тұрақты болуы мен импорт бағаларының жоғары болуына байланысты баға қысымы сақталып отыр. Жылдық мәнде инфляция 11,1%-ға дейін баяулады (қарашада – 11,2%), айлық көрсеткіш – 0,7% (0,9%). Алдыңғы кезеңдерде баға өсімі негізінен жанар-жағармайдың қымбаттауына байланысты болғаны айқындалған еді. Алайда, дағдарысқа қарсы шаралар аясында енгізілген мораторий жанар-жағармай бағасының, сонымен қатар жалпы азық-түлік емес инфляцияның өсу қарқынын тежеді. Соған қарамастан, ішкі сұраныс пен импорт бағаларының жиынтық әсері сырт киім, зергерлік бұйымдар мен аудиовизуалды техника бағасының өсуіне әсер етіп отыр.

Реттелетін ТКҚ тарифтерінің төмендеуі ақылы қызмет инфляциясын тежеуді жалғастырып келеді. Жылдық мәнде ақылы қызмет бағасы 12%-ға өсті (қарашада – 12,3%), ал айлық өсім 0,6% болды (0,3%). Ақылы қызмет инфляциясының және жалпы инфляцияның баяулауына негізінен әсер еткен фактор – реттелетін ТКҚ тарифтерінің төмендеуі. Осылайша, желтоқсанда сумен жабдықтау қызметтері бойынша жылдық дефляция 13,1% деңгейінде тіркелді, ал өзге коммуналдық қызметтерде жыл басымен салыстырғанда дезинфляция байқалады. Сонымен қатар, тұрғын үйді жалға беру,



шаштараз бен амбулаториялық қызметтерді қоса алғанда, нарық қызметтерінің көбісінде баға өсімі сақталып отыр.

Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

Әлемдік азық-түлік бағасы төртінші ай қатарынан төмендеу үрдісін көрсетіп отыр. 2025 жылғы желтоқсанда ФАО индексі 124,3 пунктке дейін түсіп, айлық мәнде 0,6%-ға, ал жылдық мәнде 2,3%-ға төмендеді. Бағаның төмендеуіне, негізінен, сүт өнімдері, ет және өсімдік майлары бағасының арзандауы әсер етті. Ал дәнді дақылдар мен қант бағасының өсуі индекстің жалпы төмендеуін тек ішінара ғана жапты.

2025 жылғы желтоқсанда дәнді дақылдардың бағасы өсті. Бұған АҚШ пен Бразилияда этанол өндірісінің кеңеюі және тұрақты экспорттық сұраныс аясында жүгерінің қымбаттауы, сондай-ақ Қара теңіз өңірінен жеткізілімдердің үзілу қаупіне байланысты бидай бағасының көтерілуі әсер етті. Күріш бағасы да өнім көлемінің қысқаруы мен сұраныстың артуы салдарынан өсті.

Өсімдік майларының бағасы екі ай қатарынан төмендеп отыр. Экспорттық ұсыныстың ұлғаюы нәтижесінде пальма майынан басқа негізгі барлық май түрлері арзандады. Есесіне, пальма майының бағасы өсті, себебі Оңтүстік-Шығыс Азияда өндірістің маусымдық тұрғыда баяулайды деп күтіледі.

Ет бағасы барлық санатта төмендеді. Әсіресе, сиыр еті мен құс еті экспорт ұсынысы мен импорт сұранысы әлсірегенін едәуір арзандағаны байқалады. Ал қой етінің бағасы салыстырмалы түрде аздап қана арзандады, себебі әлемдік нарықта оған сұраныс әлі де жоғары.

Сүт өнімдерінің бағасы едәуір төмендеді. Негізінен, арзандаған – сары май мен құрғақ тұтас сүт. Бұл Еуропа мен Океанияда ұсыныстың маусымдық өсуі мен негізгі импорттаушы елдердің сұранысы әлсірегенімен түсіндіріледі.

Қант бағасы үш айлық төмендеуден кейін қайта өсті. Бұған Бразилияның оңтүстік өңірлерінде өндірістің қысқаруы себеп болды. Дегенмен Үндістандағы егін түсімі бойынша қолайлы болжамдар бағаның одан әрі өсуін тежеді.

Өсімдік майларын есепке алмағанда, ішкі нарықтағы барлық бағалар әлемдік деңгейден жоғары қалыптасып отыр. Бұл ішкі өндірістік шығындардың жоғары болуына, жекелеген тауарлар бойынша ұсыныстың шектеулілігіне және өндірушілердің экспортқа бағдарлануына байланысты болды.

1- кесте. Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары (желт.2019=100)

	2024	2025		
	Желтоқсан	Қазан	Қараша	Желтоқсан
Дәнді дақылдар (ФАО)	155,1	149,9	147,8	147,1
Ұн ТБИ	199,2	203,4	204,7	206,6
Баға айырмашылығы, п.т.	44,0	53,5	56,9	59,6
Өсімдік майы (ФАО)	216,6	235,2	221,8	216,6
Өсімдік майы ТБИ	168,7	195,6	197,4	198,1
Баға айырмашылығы, п.т.	48,0	39,7	24,5	18,5
Қант (ФАО)	195,0	159,8	145,6	145,9
Қант ТБИ	207,0	226,9	223,9	221,1
Баға айырмашылығы, п.т.	12,0	67,0	78,3	75,2
Ет (ФАО)	153,0	166,5	161,3	155,7
Ет ТБИ	155,1	186,6	187,9	190,0
Баға айырмашылығы, п.т.	2,1	20,0	26,6	34,2
Сүт өнімдері (ФАО)	184,9	193,0	179,6	168,0
Сүт өнімдері ТБИ	180,2	193,7	195,1	196,7
Баға айырмашылығы, п.т.	4,8	0,7	15,5	28,6

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі


Анықтама: кестеде БҰҰ ФАО азық-түлік индекстері көрсетілген, ол теңге мен АҚШ долларының орташа айлық бағамы бойынша теңгемен қайта есептелген. Қызыл түс – ішкі бағалардың әлемдік бағалардан жоғары екенін, ал жасыл түс – әлемдік бағалардың ішкі бағалардан жоғары екенін білдіреді.

Өндірушілер бағасы

2025 жылғы желтоқсанда тамақ өнеркәсібінде өндіруші бағаларының өсу үрдісі сақталды. Бұл, ең алдымен, ауыл шаруашылығы шикізатының қымбаттауына байланысты болды. Мал сою көлемі қалыпты қарқынмен өсіп отырған жағдайда ет өнімдері экспортының ұлғаюы мал бағасының өсуіне әсер етті. Еттің қымбаттауы мен ішкі нарықта алмастыру әсері аясында сұраныстың артуы құс еті бағасының өсуіне де ықпал етті. Мал шаруашылығымен бірге, ауыл шаруашылығындағы шығындардың артуына дәнді дақылдар мен көкөніс бойынша өндіруші бағаларының өсуі де әсер етті. Сонымен бірге энергия ресурстарының, коммуналдық және логистикалық қызметтердің қымбаттауы азық-түлік өндірісінің өзіндік құнының одан әрі өсуіне алып келіп, түптеп келгенде тұтыну бағаларына өтті.


Ішкі өндірістегі өнімнің қымбаттауымен қатар, импортталатын азық-түлік бағасының өсуі де байқалады. Импорттық өнімдердің қымбаттауы сауда-серіктес елдердегі баға жағдайының өзгеруін көрсетеді. ТМД елдерінде өндірілген азық-түлік сегментінде ет және сүт өнімдері, нан-тоқаш пен кондитерлік бұйымдар, күнбағыс майы, ірімшік пен сүзбенің көтерме бағасы өскені тіркелді. Ал ТМД-дан тыс елдерден әкелінетін өнімдер құрылымында шоколад пен өзге де кондитерлік өнімдер, кофе мен дәмдеуіштердің көтерме бағасы қымбаттағаны байқалды.

7-график. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


8-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағалары салыстырмалы түрде баяу өсіп отыр. Дегенмен отандық өндірістегі тауарлар бағасының өсу қарқыны әлі де жоғары. Атап айтқанда, автомобиль бензині, фармацевтикалық өнімдер мен жиһаз бағасынан едәуір өсім байқалып отыр. 2025 жылғы қазанда бензин мен дизель отынының бөлшек бағасын көтеруге мораторий енгізілгеніне қарамастан, мұнай өнімдері өндірушілерінің бағасы өсуін жалғастырды. Импорттық тауарлар сегментінде жиһаз, фармацевтикалық өнімдер, жуғыш заттар, тұрмыстық техника мен электроника бағасының қымбаттағаны айқын көрінеді.

9-график. Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағасы, %, г/г



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ